



Педагогикалық кеңесте
қаралды және бекітілді
«28» 08 2019 ж

«Қостанай қаласы әкімдігінің №2 бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Қамқоршылық кеңес туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. №2 бөбекжай-бақшасының Қамқоршылық кеңесі «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде бөбекжайдың тәрбиеленушілерді дамыту және тәрбиелеу ісінде көмек көрсету үшін құрылады.
2. Қамқоршылық кеңес бақша әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және басқа да жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

2-тарау. Қамқоршылық кеңестің құрамы

4. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіруі мүмкін:
 - 1) жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
 - 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
 - 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
 - 4) ата-аналар комитеті ұсынған осы білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің ата-аналары немесе заңды өкілдері;
 - 5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Бөбекжай-бақшаның басшысы, оның орынбасары немесе мамандар оның отырыстарына қатыса алады.

5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болып табылады және кемінде **тоғыз** адамды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі кемінде бір жылды құрайды.

6. Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен көпшілік дауыспен сайланатын (қайта сайланатын) оның төрағасы Қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

Мемлекеттік органдардың өкілдерін Қамқоршылық кеңестің төрағасы сайламайды және оның міндеттерін атқармайды.

7. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Қамқоршылық құрамның құрамына кіретін мемлекеттік органдардың өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

8. Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және осы Ережеге сәйкес оның қызметін қамтамасыз етеді.

9. Қамқоршылық кеңестің жұмысын Қамқоршылық кеңес сайлайтын хатшы қамтамасыз етеді.

3-тарау. Қамқоршылық кеңестің өкілеттіктері

10. Бөбекжай-бақшаның Қамқоршылық кеңесі:

1) Бақша тәрбиеленушілері құқықтарының сақталуына, сондай-ақ қайырымдылық көмектің (ол болған жағдайда) жұмсалыуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады);

2) бөбекжай-бақшы Жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;

3) бөбекжай-бақшаны дамытудың басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

4) бөбекжай-бақша басшысының білім беру ұйымының қызметі туралы, оның ішінде білім беру қызметтерін сапалы көрсету туралы, қайырымдылық көмекті пайдалану туралы (ол болған кезде) есептерін тыңдайды;

5) білім беру ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысады;

6) бөбекжай-бақшы қызметімен, бөбекжай-бақша білім алушыларына берілген жағдайлармен танысады;

Бақша қызметкерлері Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат ұсынуға жәрдем көрсетеді.

4-тарау. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

11. Қамқоршылық кеңестің отырысы оның төрағасы өз бастамасы бойынша, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің бастамасы бойынша шақырады.

12. Қамқоршылық кеңестің отырысын шақыру туралы хабарламаға Қамқоршылық кеңестің төрағасы қол қояды және қамқоршылық кеңес пен бөбекжай-бақша мүшелеріне, оның жанында Қамқоршылық кеңес жұмыс істейді, қажетті материалдармен бірге отырыс өткізілетін күнге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

Хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны қамтылады.

Хабарламаға баяндамашы көрсетіле отырып, отырыстың күн тәртібі, аталған мәселелерді күн тәртібіне енгізу уәждерін көздейтін анықтамалық материалдар, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне отырысқа ұсынылатын қажетті құжаттар қоса беріледі.

13. Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу туралы хабарлама алған Қамқоршылық кеңестің мүшесі ол өткізілетін күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей Қамқоршылық кеңестің хатшысына өзінің қатысатыны немесе қатыспайтыны туралы хабарлайды.

14. Қамқоршылық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ **тоқсанына кемінде бір рет** өткізіледі.

15. Егер қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері оның өткізілетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, Қамқоршылық кеңестің отырысы заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне не сенімхат бойынша адамға беруіне жол берілмейді.

16. Білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады.

17. Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Қамқоршылық кеңестің төрағасы, ал ол болмаған жағдайда Қамқоршылық кеңестің төрағасы функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

18. Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері қол қоюға тиіс.

19. Бөбекжай-бақшаға қайырымдылық көмек ерікті түрде ақысыз негізде көрсетіледі және осы Ережеде көзделген тәртіппен Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша ғана жұмсалады.

5-тарау. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

20. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату келесідей жүзеге асырылады:

1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;

2) білім беру ұйымын тарату және қайта ұйымдастыру кезінде.

21. Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан шыға алады:

1) жеке бастамасы бойынша;

2) орналасқан жерінде төрт ай бойы бөбекжай-бақшаның болмауы себебінен.